ҚАЗАҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ САНАСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТІЛДЕГІ РЕПРЕЗЕНТАНТТАРЫ

Ақмарал ПИЯЗБАЕВА*

Аңдатпа: Қазіргі кезде экономикалық қатынастарға қатыспайтын қоғам мүшесі жоқ. Әрқайсысы өндіруші, тұтынушы, ұйымдастырушы, сатушы, жалдаушы, яғни бәрі шаруашылық жүргізуші субъект, демек адам экономикалық санадан тыс өмір сүре алмайтыны анық. Кез келген ұлттың санасы ол бөлінбейтін тұтас дүние емес, ұлт санасының ядросында өзінің ажырамас компоненттері болады. Ұлттық сана міндетті түрде тілдік, тарихи, саяси, экономикалық, құқықтық, эстетикалық, педагогикалық саналардан тұрады. Осы компонеттердің барлығы да ұлттық сананы қалыптастырады. Ұлттық сана бар жерде ұлт болады. Демек, қазақ ұлты бар болуы үшін, қазақ ұлты өміршең болу үшін, жаһанияттың толық мүшесі болуы үшін оның ұлттық санасындағы осы элементтер толық бірдей дамуы керек.

Ұлттық сананың компоненттерін дамытудың әмбебап құралы – тіл екенін философтармен қатар барлық ғалымдар бірауыздан айтып отыр, себебі экономикалық санадағы болып жатқан трансформацияны көрсететін ең бір мықты тілдің қабаты ол – лексикалық қабат. Лексикалық қабаттағы өзгерістер басқа қабаттағы өзгерістерге қарағанда жылдам, тез жүреді. Сыртқы болып жатқан құбылыстарға, жаңалықтарға тез реакция білдіреді. Сананың көрінісі тілде жүйелі түрде репрезенттеледі және бұл репрезенттер әмбебап сипатта болады.

Зерттеудің әлеуетті тұтынушылары – ҚР БҒМ Тіл саясаты комитеті, «Атамекен» ҚР ҰҚП, лингвистер, социолингвистер, лингвоэкономистер, магистранттар мен докоранттар, сонымен қатар саясаткерлер мен журналистер, топ-менеджерлер, социологтар.

Түйін сөздер: *экономикалық сана, экономикалық сана трансформациясы, экономикалық сананың тілдегі репрезентанттары, қазақ ұлтының экономикалық санасы.*

Kazakh Economic Consciousness and Its Representatives in the Language

Abstract: Currently, there is no member of society who does not participate in economic relations. It is clear that each is a producer, consumer, organizer, seller, tenant, that is, everything is a business entity, and therefore a person cannot exist in the economic subconscious. The consciousness of any nation is not an indivisible whole, but has its own integral components in the core of the consciousness of the nation. National consciousness necessarily consists of linguistic, historical, political, economic, legal, aesthetic, pedagogical consciousness. All these components form the national consciousness. Where there is a national consciousness, there is a nation. Therefore, in order for the Kazakh nation to exist, for the Kazakh nation to be viable, for it to become a full member of the global community, these elements in its national consciousness must be fully developed equally.

All scientists, along with philosophers, unanimously say that language is a universal tool for the development of the components of national consciousness, because it is the lexical layer that is the most powerful language that reflects the ongoing transformation in economic consciousness. Changes in the lexical layer occur faster, than changes in the other layer. Indicates a quick reaction to external events, news. The expression of consciousness is systematically represented in language, and these representations are universal in nature.

Potential consumers of the study are the Committee on language policy of the Ministry of education and science of the Republic of Kazakhstan, the National Security Committee of the Republic of Kazakhstan "Atameken", linguists, sociolinguists, linguoeconomists, undergraduates and doctoral students, as well as politicians and journalists, top managers, sociologists.

Key words: *economic consciousness, transformation of economic consciousness, representatives of economic consciousness in the language, Economic consciousness of the Kazakh nation.*

Кіріспе

Адам баласы дүниеге келген сәтінен бастап, өмірінің соңына дейін шаруашылық, экономикалық қатынастардың субъектісі болып табылады. Адам өз әрекеттерін ынталандыра отырып, саналы өмір сүреді. Сананың арқасында ол болашаққа жоспар құрады, уақытты тиімді пайдаланады, өмірін реттейді. Экономикалық білімін күшейту, әлеуметтік-экономикалық қызметтерді пайдалану, әлеуметтік қажеттіліктерді өтеу

* А. Байтұрсынұлы атындағы тіл білімі институты, Қазақстан, Алматы akmaral.piyazbayeva@gmail.com.

DOI :10.30546/100981.1.2024.0283

арқылы қоғамның мүшесі болу, өз тауашасын табу кез келген ақыл иесі адамға тән экономикалық сананың функциясы.

Экономикалық санаға қатысты кейбір мәселелер XX ғасырдың басында орыс тіл ғылымында С.Н. Булгаков, И.А. Ильин, П.А. Флоренский, В.С. Соловьев, сондай-ақ шетел тіл ғылымында М. Вербер, В. Зомбарт, Й. Шумпетер сынды ғалымдардың еңбектерінде айтыла бастады. А.Ф. Лазурский мен С.Л. Франк жеке тұлғаның экономикалық объектілерге қатынасын зерттеп көруді ұсынды (1912 ж.). Алайда кеңестік дәуірде қоғамдық сананың бір формасы болып табылатын экономикалық сананы жеке алып қарастыру ғылым дамуына еш нәтиже бермейді деп есептелді. Тек өткен ғасырдың 70-80 жылдары А.К. Уледовтың, В.П. Фофановтың, В.К. Драчевтың, В.Д. Поповтың, А.И. Китовтың және т.б. өзге ғалымдардың еңбектерінде экономикалық сананың бар екені туралы тезис дәлелденді және оны зерттеудің қажеттілігі негізделді. XX – XXI ғасырлардың тоғысында Ресей тіл ғылымы мен шетелде экономикалық сана мәселелеріне арналған көптеген теориялық және эмприкалық еңбектер жарық көре бастады. Осы тұста орыс ғалымдары В.С. Автономовтың, Т.С. Орлованың, американдық зерттеушілер У. Беллдің, М. Вудкоканың, Дж. Гелбрейттің, Ф. Махлупаның, П. Хейненің және француздық ғалымдар Р. Баранның, С. Лангердің еңбектерінде экономикалық сананың кәсіпкерлік, басқару, шығармашылық т.б. түрлері анықталып, олардың маңызды ерекшеліктері талданды. Осы кезде Л.С. Барисова, В.Э. Бойко, Т.В. Дробышева, А.Л. Журавлев, Н.А. Журавлева, Т.И. Заславская, С.В. Ковалев, А.Б. Купрейченко, В.П. Позняков, Р.В. Рывкин, Ж.Т. Тощенко, А.В. Филиппов, В.А. Хащенко, Е.С. Шибанова, Е.В. Шорохов т.б. сынды психолог-ғалымдардың еңбектері экономикалық сананы психологиялық тұрғыдан зерттеуге айтарлықтай үлес қосты. Мұндай психологиялық зерттеулер экономикалық сананың қалыптасу механизмдеріне, құрылымдық компоненттері мен олардың қызметтерін сипаттауға қызығушылықтан туындады. Дегенмен осыншама көптеген зерттеулердің жарыққа шығуына қарамастан, әлеуметтік-экономикалық қатынастарға байлаулы адамдардың экономикалық санасы аз зерттелген объект болып қалып отыр. Қазіргі таңда ғалымдардың қызығушылығы негізінен экономикалық сананың жекелеген компоненттері – жеке тұлғаның ақшаға, байлыққа, кедейлікке, меншікке қатынасын зерттеуге бағытталған.

1. Материалдар Мен Әдістер

Зерттеу жұмысымыздың нысаны, материалы ретінде он бес томдық «Қазақ әдеби тілінің сөздігі» (2011 ж.), он томдық «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» (1976 ж.), Қазақ этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» Энциклопедиясы және этнографиялық очерктердің материалдары пайдаланылды.

Зерттеуде негізінен тұжырымдамалық әдіс, талдау әдісі, сипаттау әдісі қолданылды.

Мақалада жүргізілген зерттеудің мақсаты – қазіргі қазақ ұлтының экономикалық санасында трансформациялану үдерісі жүріп жатқанын көрсету.

2. Нәтижелер Мен Талқылау

Қазақ ұлтының ұлттық экономикалық санасы Қазақстан Республикасы Тәуелсіздік алғанға дейін дербес дамымады. Ұзақ жылдар бойы Кеңес одағының құрамындағы елдерде экономикалық даму тең болмады. Ресурстардың тапшылығы, тауар дефициті, қызмет көрсету мен жеткізудегі іркілістер, әлеуметтік өндірістің дамымауы – экономикалық сананың тежелуіне себеп болды. Кез келген ұлттың санасының өзінің ажырамас компоненттері болады. Ұлттық сана ядросындағы дүниеліктер сақталып, өзгермей тұрса, ол ұлт – өміршең болады. Енді осы сана деген ұғымның өзін философтар зерттеген кезде тұтас бөлінбейтін дүние емес, ол да бірнеше

элементтерден тұратыны анықталған. Профессор Н. Уәли қоғамдық сананың бірнеше түрлерін: құқықтық сананы, ғылыми сананы, саяси сананы, эстетикалық сананы анықтаған (Уәли Н., Фазылжанова А., 2009: 10). Сонда ғалымның айтуынша, ұлттық сана: тілдік санадан, діни санадан, саяси санадан, эстетикалық, құқықтық, тарихи сонымен бірге, экономикалық санадан тұрады. Енді осындағы экономикалық сананың маңыздылығы, қазіргі кезде зерттелу қажеттілігі тілдік тұрғыдан біздің ойымызша, өте керек, өйткені экономикалық сана кез келген сананың түрін, оның трансформациясын, өзгеруін, оны жетілдірудің құралдарын табу үшін тілмен байланысты ғана жүзеге асады. Сананың көрінісі тілде, жүйелі және әмбебап болады.

Тілдің өзі негізі экономикалық қатынастарға қатты байлаулы. Мысалы, қазақ тілінде күнделікті қолданысқа еніп кеткен сөздердің этимологиясын қазбалағанда олардың сайып келгенде атакәсіпке, реали құбылыс, қатынасқа қатысты екенін байқаймыз. Егер халық көшпелі болса, мал шаруашылығына қатысты, егер халық отырықшы болса, отырықшылдыққа негіз болған экономикалық қатынастар: шаруашылық жүргізу ерекшеліктері тілдегі құбылыс атауларына себеп болады, яғни бұрынғы дәстүрлі экономикалық сананы көрсететін ұғымдар қазір біздің тілде этнографизмдер ретінде жүр, ал ол кезде олар экономикалық сананың көрінісі болған. Мысалы, X-XI ғасырларда Ертіс өзені жағалауын жайылым етекен малшылар аңшылықты да кәсіп еткен. Олар бұлғын, аққіс және түлкі терілерін дайындап, оларды өз тұрсыстарына пайдаланумен бірге көршілеріне тұзға айырбастап отырды деген мәлімет бар.

Бұрынғы дәстүрлі қазақ қоғамында да аңшылық қадірлі кәсіптердің бірі саналған, себебі сол замандағы аңшы экономикалық драйвер болған. Экономикалық қатынастың құрамдас тобы болған. Аңшылардың ату тәжірибесі мен аң аулау сияқты «таза» техникалық әдістері, киімі мен жабдықтарының атаулары сол кездегі экономикалық сананың, экономикалық қатынастардың көрінісі. Бұл репрезентанттар тілде сөз арқылы куммуляцияланады, яғни экономикалық білімдер жиналады, сосын санаға барып орнығады.

Аңшылық – көшпелі ортадағы қосалқы кәсіптің түрі, әлеуметтік орта және кедей топтар үшін күн көрістің бірі болды. Аңшылық – адамзаттың ең көне және ең алғашқы күнкөріс қарекетінің бірі болғанымен, уақыт өте келе кәсіпке ұласқан. Орыс отаршылдығының қазақ даласындағы үстемдігі біржола орнағанына байланысты аңшылық өзінің шаруашылықтың түрі ретіндегі функциясынан бірте-бірте айырылып, қоғамда, көбінесе, қызыққуарлық харекетке айналды. Қазақ даласында аңшылық жеке адамның кәсібі ретінде де, бүкіл ру-қауым айналысатын кәсіп ретінде де дамыды. Аңшы қазақы ортада ерекше қадірлі адамдардың бірі болды (Дала уалаятының газеті, 1895.№2-3). Аңшылық кәсіптің әртүрлі аңдар мен құстардың ерекшеліктеріне және жергілікті аймақтың табиғи ландшафттық рельефіне, сондай-ақ, флора мен фаунаның құрылымдық сипатына байланысты тәсілдері де сан алуан болды. Ұрпақаралық-этникалық тәжірибенің құрамдас саласы болып табылатын аңшылықтың сан қырлы тәсілдері әкеден балаға беріліп отырды. Бұл үрдіс аңшылардың кәсіби тұлға ретінде қалыптасуының басты шарты болды.

Аңшылардың тәжірибесін ату мен аулау сияқты «таза» техникалық әдістермен шектеуге болмайды. Сонымен қатар, кәнігі аңшы болу үшін оған халықтық білімнің барлық саласынан – метрология, метерология, ветеринария және т.б. хабардар болуға тиіс. Деректерде атақты аңшылардың аңшы ретінде ғана емес, аталмыш халықтық білімнің салаларын меңгерген тұлға екендігі айтылады (Карутц Р., 1911). Аңшы киімі мен жабдықтары – аңшының саятқа немесе аңға шыққанда киетін арнайы киімі мен қолданатын құрал-жабдықтары (аксессуар) болды. Аңшының киімі қозғалысқа ыңғайлы, әрі ықшам болуы тиіс. Қыстық киім негізінен – саптама етік, қыстық тымақ,

жылы ішік, жарғақ шалбар. Ықшам киінген аңшы киімінің етегін шалбарланып алады, ал, кіселі белдігін киімнің ту сыртынан буып тағынады. Тау, тастан таймас үшін өкшесінде нәлі немесе тақасы бар етік киеді. Ал, жаяу аңшы аяққа шақай немесе сүйектен сойшаңғы тағып алады. Аяздың бәсең кездерінде үстіне сырмалы шапан немесе шекпен, аяғына былғары етік, басына күләпара болмаса малақай кейде бөрік киеді (Чернов М., 1925). Аңшы саятқа шығарда өзімен бірге беліне байланған кісеге қынға салынған пышақ, жемқалта (құнарқалта, нәрқалта деп те атайды), оқшантай, дәрі-дәрмек, шақпақ қу, шыжым бау, белқанжыға тағады. Сонымен бірге, қолында аң соғатын дойыр қамшы, інге кіріп кеткен аңға бұрау салатын таяқ, аң олжасын қанжығаға байлайтын шәңгек ала шығады. Шоқпар, сойылды қажеттілікке қарай алуы мүмкін. Сонарға шыққан аңшылар, көбінесе, арнайы дайындықпен «артынып-тартынып», кішігірім көш тәрізді топ болып жүрді.

Саятта тазыға арналған жүрек жалғар ет және тамақ салып жүретін көлемі үлкендеу жемқалта аңшының жанынан тастамайтын ең басты атрибуттардың қатарына жатады. Аңшы ұшқыр, әрі ұзақ жүріске төзімді ат таңдап алады. Ердің айылын төстей тартады. Саятшыға қарағанда, бірде өрлеп, бірде құлдилап, сай-сала қуалап көп жүретін болғандықтан, аттың ер-тұрманы жылжымайтын, орнықты болуына қатты көңіл бөлінеді. Осыған байланысты ер-тұрманға қосымша айыл тартылады. Бүркітші саятқа шыққанда ең қажетті құрал-сайман және жабдықпен қоса, бүркіттің аяғының қанын тоқтататын бұлғарының еті деп аталатын бұлғарының ішкі бетіндегі ұлпасын бірге алады (саятшылықта, әсіресе, ірі жыртқыш аңға түскен бүркіттің жараланууы – жиі болып тұратын жайт). Аязды күндері бүркіт құндағы, тазыны орайтын жамылғы, кешке тоңғанда киетін дақы, мұйығын ердің қанжығасына байлап бөктеріп алады (Юсупов М., 1986).

Көп шығынды қажет ететіндіктен, қазақтың бәрі бірдей аң ауламаған. Өйткені, аң аулау үшін жүйрік тазы, берен мылтық, қыран бүркітті табу өз алдына, оларды ұқсатып ұстау үлкен шығынды қажет етті. Сондықтан, аңшылықпен бай және орташа ауқатты қазақтар айналысты. Олар үшін аң аулау мәртебелі харекет болды. Қазақы жіктеу бойынша, қару мен сайманның көмегімен аң қағу аңшылық ал, ит пен жыртқыш құстардың көмегімен аң түсіру саятшылық деп аталады. Аңшылықтың тазымен аң қағу, саят, сонар, салбурын деген сияқты түрлері болды. Ресей отаршылығы күшейген заман да аң ату құралдарының нелер жетілген түрлері кең таралуына байланысты дәстүрлі аңшылықтың біраз түрлері өзінің кәсіптік маңызын жоғалтты. Мысалы, аң аулаудағы ежелгі тәсілдердің бірі – құс пен құмай-тазымен аң аулау кейінгі замандарда қызыққуар, ермектік мәні бар ғана әрекет болып қалды. Дәстүрлі аңшылықтың тәсілдері сан алуан: құм қақпан, тас қақпан құру, орға жығу, індету, қысаңға қамап, сойылмен ұру, тұзақ, абақ, шаншу, атқы, баспа, ау, тор, ат үсті нен сойыл-шоқпармен соғу және т.б. Бұл тәсілдер үнемі толығып, жетілдіріліп отырды және бұл қарапайым тәсілдердің біразы күні бүгінге дейін маңызын жоғалтқан жоқ.

Аң аулаудың маусымы. Дәстүрлі дүниетанымның табиғатты және жануарлар дүниесін қастерлеуге негізделген нормалар мен принциптерге байланысты қазақтар әр аңды аулаудың белгілі бір мерзімін белгілеп отырды. Көктем маусымында аң-құстар жаппай түлейді, оның үстіне терісінің сапасы бұзылып, жұқарады, әрі етінен арылады. Оның үстіне осы кезде аң-құс біткен ұрпақтарын өрбітеді. Сондықтан, ұя басар құсты, аналық аңды әсте ауламайды. «Қазақтардың бір азғанасы кәрі шалдар, молдалар жазғытұрым құс жұмыртқаларын басып, балапандарын шығарып, аңдар балаламаған буаз мезгілде атпаңдар деп өсиет қылады. Жаздыкүні мергеншілер тазы, мылтықпен түлкі, қасқыр, адал аңдарды аулайды. Күздігүні, қыстың күні аңды көбірек аулайды», – деп жазды қазан төңкерісіне дейінгі белгісіз автор осы жайт жөнінде. Ал, еті үшін ауланатын аңдарды шілденің соңынан бастап аулайды. Өйткені, осы кезде аң-құс

тойынып жетіледі. Терісі үшін ауланатын аңдарды жабағы жүні кетіп, жаңа жүні жетілген, түбіті толған кезде аулайды. Еріген қар суларынан пайда болған ұсақ көлшіктердің суы тартылған сәтте құстар қамыс арасында ұя салып, балапан шығаруға дайындық жасайды. Осы кезде құс аулауды доғара тұрады. Осы уақыттан бастап, қаршыға, сұңқар тектес жыртқыш құстар түлекке отырады. Ал, қаз бен үйректі құс келген кезде және күзде құс қайтар кезде ғана аулайды. Яғни балапандар жетіліп, ұша бастаған кезде күзгі құс аулау басталады, әсіресе, жыл құстары жылы жаққа қайта бастаған кезде құс аулау қауырт жүреді. Сондай-ақ, алғашқы аяз түсіп, яғни күзгі амал басталып, құстар көлге топ-тобымен жиналған кезде олжаны молынан түсіруге болады. Ителгімен жыл бойы аң аулайды, – дейді белгілі зерттеуші М.Д. Сеитов (Сеитов М.Д., 1929). Ал, бүркітпен аңға шығу қар түскен аязды шақта басталып, қыстың аяғына дейін жалғасады. Қазақта аңға сәтсіз күні шығуға тырысады. Себебі, мұндай күндерде аң жаңылып, аңшының олжасына оңай түседі-мыс. Қазақы жосын бойынша, аң-құсты жөн-жосықсыз аулауға жол бермейді: «ұядағы бөлтірікті өлтірсең ұлып қаласың» деген принципті ұстанды. Сондай-ақ, еліктің лағын, бұғының бұзауын және аққуды киелі деп, оларға мүлдем тиіспейді. Құстардың басып жатқан жұмыртқасына немесе жас балапанға тисе олар қарғайды деп есептеген (Айтбаев М.Т., 1959). Ал, балаларға жұмыртқаны жаруға қатаң тыйым салынды, себебі, жұмыртқа жарған баланың беті шұбар, секпіл болып кетеді-мыс.

Аңға қатысты ырымдар мен тыйымдар. Қазақтың саятшылық заңы бойынша, аңға мүлдем салынбаған, яғни бауы ашылмаған бүркітті немесе ауыздандырылмаған тазы итті жазым еткен адам дәл сондай бүркіт немесе тазы күшігін беріп, шығын орнын толтыруы қажет. Бүркіттің құны бір бойдақ қойға тең. Алғыр тазы және қыран бүркіттің құны қымбатқа түскен. Аңға алғаш шыққан адам олжасын ешкімге байламайды. Жолаушыға айдалада кезіккен аң да киелі саналады. Осыған байланысты «Абыройы асар жігіттің алдына ажалды аң кезігеді» деп, осы жайтты жақсы ырымға жорыған. Ерекше белгілері бар «нысаналы» киелі аң болса (сыңар мүйіз, теңбіл, қалыпты түстен өзгеше аң деген сияқты), оның киесінен қорқып, атуға бармаған (Мұқанов С., 1979). Құс төресі – аққу мен сары ала қаз, көкек, көккептер сияқты құстарды аялап, атпайды, ауламайды да. Аңның төлдері мен аналықтарын атпаған. Соңынан жыртқыш қуып келе жатқандарын көрсе, атпай, керісінше, құтқарып жіберіп отырған. Әсіресе, әулиелер жерленген аумақта жүрген жануарларға мүлдем тиісуге болмайды. Мысалы, Маңғыстаудағы Бекет атаның Оғландыдағы мешітінің маңайында жүрген «асыл текті арқар, киік секілді хайуандарға тиіскеннің отбасына жақсылық келмейді» дейді жергілікті халық. Бүркітшінің бүркіті түлкі алғанда, аңшының мылтығы аңға дарығанда, кезіккен жасы үлкен адамға байламай кетіп, ол адам дауласа, аңшы айып тартады. Аңшының біреуге байлаған аңы екінші адамға байланбайды. Сондай-ақ, жасы үлкен адамға бір рет аң байланса, оған екінші қайта байланбайды. Атпен немесе құспен аң қағу барысында аң кіріп кеткен інге кімнің аты немесе құсы бұрын жетсе де, әлгі аңға тиіспейді. Өйткені, аңды қолға түсіру үйге кіргенмен бірдей деп есептейді. Жараланған жыртқыш аңға жуыуға тым жақындауға болмайды, әсіресе жолбарыс, аю, қасқыр жараланған кезде тиіссе, олар қатты кек сақтайды деп санайды. Кәнігі аңшылар атып алған аңның тұрпатына, күйіне қарап, алдағы маусымға, мысалы, қыстың болашақ райына болжам жасаған. Мысалы, түздің қоңыр аңының бүйрек майы бітеу болса, қыста қар қалың түседі. Түздің қоңыр аңы үйір құрып, сай-саланы паналаса, ауа райы бұзылады. Түздің қоңыр аңы күзде бұлақ сағаласа, қыста қар жұқа түседі. Аңшылыққа байланысты төмендегідей ырымдар жиі қолданыста болды: аңға шығарда қаруы мен қамшысына әйел адамның қол жалғауына болмайды. Өйткені, жолы болмай қалады деп ырымдайды. Сондай-ақ, аңшылар далаға түнесе, өзі жатқан

жерді айналдыра шеңбер сызып жатады. Шеңберге бәле-қаза, жыртқыш аң жоламайды деп сенеді.

Сонымен қатар қазақта аң аулап, құс салып қанжығасы қамданып олжалы оралған аңшыдан ел шетіне келгенде алғашқы кездекен адамның кәдесый сұрау жоралғысы болған. Аңшылықтан келе жатқан аңшыға ел шетінде жолшыбай жолыққан адам этикет бойынша сәлем беріп, «Қанжығаң майлансын!» деп, тілек білдіреді. Сонда аңшы (мерген): «Сізге байлансын!» деп, жетек атқа артқан олжасынан түлкі, қоян немесе қаз-үйректің бірін оның қанжығасына байлайды. Бұндай жол-жоралғы «сыралғы» деп аталған. Бұндағы сыралғы «шыр» («май») деген мағынаны білдіреді. Сыралғы атауы тілдік жақтан шыр, сыр және алғы (алу) деген екі сөздің дыбыстық әрі мағыналық кірігуі (контаминацияланауы) арқылы жасалған (Уәли Н).

Ал этикалық норма тұрғысынан аңшыдан сыралғы алу жоралғысы, түптеп келгенде, адамдардың руішілік, руаралық әлеуметтік қатынастар жүйесіне қатысты қырларын реттеудің өзіндік бір тетігі іспетті болған. Академик І. Кеңесбаев сыралғы атауына тоқтала келіп, оны «бертін келе кей жерлерде аңшыдан (мергеннен) алатын салықтың түріне арналған» дейді (Кеңесбаев І., 1977: 176).

Қорытынды

Экономикалық ойдың жай-күйін талдау, салыстыру, зерттеу өзге ғылыми бағыттардың көмегімен, түрлі әдіс-тәсілдерін пайдалану арқылы жүзеге асырыла бастады. Аталған ізденістер тіл білімінің, атап айтқанда, психолингвистиканың, когнитивті лингвистиканың, дискурсологияның зерттеу нысанына айналды. Тілтану мен экономика ғылымдарының өзара тығыз байланысы экономикалық үдерістерден, адам танымындағы әлемнің тілдік бейнесіндегі өзгерістерден байқалады. Адамның ана тілі немесе сөйлейтін, жаза алатын тілі оның экономикалық, әлеуметтік және адами тұрғыдан дамуына әсер етеді. Тіл – жеке тұлғаның мәдени бірегейлігінің өзегі. Сол себепті ол шешімдерге, оның ішінде адамның, одан әрі қоғамның экономикалық шешімдеріне де белгілі бір деңгейде ықпал ете алады. Тілдік құзыреттер тіл иелмендеріне еңбек нарығына, тауар нарығына, ақпараттық нарыққа қолжетімділікті қамтамасыз етуші қуаты күшті құрал болып табылады.

Елдің әлеуметтік-экономикалық салаларын дамытуда тілдің қызметі зор. Тіл білу – адам капиталын құраушы негізгі құрал, себебі тіл немесе тілдер адамның экономикалық, әлеуметтік тұрғыда дамуына айтарлықтай әсер ете алады. Оған қоса, экономикалық шешімдерге де ықпал етеді. Соңғы жиырма жылдықта отандық зерттеушілердің назарынан тыс қалып қойған экономикалық сана проблематикасы қазіргі таңда, әлемдік экономика қарқындап дамыған заманда өте өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Оның басты себебі: экономика жәй ғана ғылым, тұрмыс-тіршілік саласы ғана емес, ол – бүгінгі таңда кез келген қазақстандықты толғандыратын ең маңызды салалардың біріне айналып үлгерді. Қоғам мен тілдің арасындағы байланысын тек тілдің имиджиологиясы тұрғысынан, тілдің нормативтік базасы тұрғасынан, қоғамдағы әртүрлі ортада тіл иелмендерінің қолданыс тұрғысанан қарау лингвистикада басым бағыт болған. Ал, тілдің экономикалық саладағы қолданысын зерттеу бұл социолингвистикадағы кенжелеп тұрған бағыт.

Мақалада келтірілген мысалдар мен деректердің барлығы да ұлттың экономикалық санасына тікелей қатысы бар құбылыс. Экономикалық сана – ең алдымен экономикалық ақиқатты көрсететін және белгілі бір тарихи сәтте қоғамның экономикалық өмірінің әртүрлі құбылыстарына қатысын білдіретін экономикалық қатынастардың, экономикалық теориялар мен білімдердің, әлеуметтік қажеттіліктердің, идеялардың, шаруашылық жүргізуші субъектілердің көзқарастарының жиынтығынан тұрады. Ол белгілі бір тарихи жағдайларға байланысты әлеуметтік тәртіпті,

экономиканы, өнеркәсіп экономикасын, ауыл шаруашылығы экономикасын, экономикалық-математикалық модельдерді, экономикалық саясатты, экономикалық еркіндікті, экономикалық дағдарыстарды, экономикалық плюрализмді және т.б. сияқты әлеуметтік құбылыстарды түсіну қажеттілігінің негізінде пайда болды. Ол мемлекеттік органдардың экономикалық саясатында көрініс табады, бүкіл қоғамдық өмірді экономикалық ұйымдастыру қағидаттарында көрінеді, шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметінде жүзеге асады, оның репрезентанттары тілде атау, ұғым фразеологизм, мақал-мәтел т.б. түрінде өмір сүреді.

Мақалада қазақтың ұлттық экономикалық санасындағы трансформация тілік материалдар негізінде сипатталды. Бұрынғы дәстүрлі экономикалық сананы көрсететін ұғымдар қазір біздің тілде этнографизмдер ретінде жүр. Мысалы, ұстаға қатысты кез келген ұстаның шаруашылықта қолданылған құралы, әрекеті барлығы қасиетті саналған, себебі сол замандағы ұста экономикалық драйвер, экономиканың жетекші тобы. Өндіріс күшінің ең мықты түрі болған, өйткені темір өңдеуді көшпенділер мықты меңгерген. Темір өңдеудің арқасында көшпенділер империя құрған, елін-жерін қорғаған, өзге жерлерлі де жаулап алып отырған. Темірден оқ өтпейтіндей етіп сауыт жасаған, яғни әскері күшті болған. Темір жеңіл болады және садақтың оғы өтпейтіндей қылып жасайды. «Бадана көзді күреуке», яғни әскери де қару-жарақ атаулары сол кездегі экономикалық сананың, экономикалық қатынастардың репрезентанттары, сол экономикалық қатынастардың көріністері, тілдің экономикалық сананы қалыптастырудағы, дамытудағы, трансформациялаудағы рөлі осылай көрінеді.

Әдебиеттер

1. Уәли Н., Фазылжанова А. (2009) Қоғамдық сананың түрлері және тіл бірегейлігі // ҰҒА Хабарлары. №4. – 10-17 бб.
2. Қазақтардың аң аулауы // Дала уалаятының газеті (1895). №2-3.
3. Карутц Р. (1911) Среди киргизов и туркмен на Мангышлаке: Этнографические очерки. Санкт-Петербург.Изд.: А.Ф.Девриен. – 189 С.
4. Чернов М. (1925) По Джетысуйской области. Средняя Азия. Охотник. // ТО №2
5. Юсупов М (1986) Табиғат тағлымы. Алматы: Қайнар. 1986.
6. Сеитов М.Д. (1929) Охота с ловчими птицами у казахов Семипалатинского края (с предисловием и замечанием И.А.Чеканинского) // ЗСООИК (бывший СПО ИРГО). Том 1. Вып. XVIII. Семипалатинск.
7. Айтбаев М.Т. (1959) Очерки охоты киргизов XIX и начала XX веков // ТИИ АН КиргизССР, Вып.5.
8. Мұқанов С. (1979) Халық мұрасы. Тарихи-этнографиялық шолу. Таңдамалы шығармалар. 15-том. Алматы: Жазушы.
9. Уәли Н. Бұрынғыдан қалған сөз (қолжазба); ҚР МОМ – материалдарынан.
10. Кеңесбаев І. (1977) Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Алматы: Ғылым. – 176 б.